Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі

Түркістан облысының Білім басқармасының

«Сайрам Ауданының Білім бөлімі»

«Жанерке» «бөбекжай-балабақшасы»жеке мекемесі

Бекітемін:

# Тақырыбы: «Алтын күз»



«Ақбота»тобы

Тәрбиешілер:Сейтжапбарова Б

Жекебазарова С.

2023ж

## Алтын күз!

**Жүргізуші:** Келді міне алтын күз,

Сары шашты жарқын жүз.

Мол өнімді ісімен

Таңдандырып халқын күз.

Армысыздар ағайын! Сәлеметсіздерме, қадірлі қонақтар! Бүгінгі берекелі де ырысты алтын күз құрметіне арналған мерекемізді бастаймыз. «Ақбота» тобының бүлдіршіндерін қошеметтеп қарсы алайық.

**Ән:** «Күз тамаша»

**Жүргізуші:**

— Ал, балалар, балалар,

Енді бері қараңдар.

Бізге қонақ келмекші

Сендерді бір көрмекші.

Әуелі жұмбақ жасырам,

Қулығымды асырам.

Таба алсаңдар шешімін,

Қонағымды дәл ортаға шақырам.

Жұмбақ: Жиып-теріп болатын,

Қамбаға астық толатын.

Қызыл қырман ойнайтын,

Қаймезгілде ойлайсың?

Дұрыс, күзмезгілі. Ал, күзде табиғатта қандай өзгерістер болады екен?

(Балалардың жауабы).

Өте жақсы. Ендеше, уәде еткенім дей ортаға қонағымыз — Алтын күзді шақырайық!

(Музыка ойнап, ішке Алтын күз келіп кіреді).

**Алтын күз**: Сәлеметсіздерме, балалар!

Сәлеметсіздерме, қонақтар!

Мен — Алтын күзбін! Жайдары, жарқын жүзбін.

Қонаққа келдім сендерге. Сәбіз, картоп, тәтті алма!

Оған достым таң қалма! Жапырақ та сиқырлы,

Ойын ойнар түр-түрлі!

**Жүргізуші**:Рахмет, саған Алтын күз! Қабыл алдық сыйды біз! Отырыңыз жайғасып!

Күз ханшайымы, біздің балалар күз мезгілі жайында тақпақтар біледі.

**Мансұр:**

Нұрға бөлеп өмірді

Жырға бөлеп көңілді

Жарқыраған сәулелі

Күз әуені төгілді

**Айзере:**

Думан торлы асқарлы

Күз мезгілі басталды

Күз әуені кеп жетті

Әнге бөлеп жастарды

**Ақнұр:**

Сап-сары қып даланы

Бояпты гой күз деген

Құстар қанат қағады

Қоштасқандай бізбенен

**Алмас:**

Көктен көзін бір алмай

Қызғылт тартты кәрі құз

Ер қызығын қия алмай

Маужырап тұр сары күз

**Баққелді:**

Жеміс-жидек пісті

Қамбаға астық түсті

Қызу жұмыс басталып

Жинап алды жан салып

**Жүргізуші :**

Қызыл жасыл,сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайык ,би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«Қолшатыр» биін қабыл алыңыздар!(Мариям,Б.Айлин,К.Айлин,Б.Айсара,Нурайым,Ару,Нұрбақыт,Талшын)

**Жүргізуші:**

Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумактарына кезек береміз.

**Б.Айсара:**

Күн суытып жапырақтар түседі

Астық жеміс жиылды

Қамбамызға құйылды

**Б.Алинур:**

Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер

Күздің тойын тойлайық

Би билейік, ойнайық

**Мариям:**

Күзім-ау күзім ау

Мінезің бұзық-ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық-ау

**Нұрасыл:**

Көбейді құт-береке

Астық толы қоймамыз

Құтты болсын мереке

Алтын күзді тойлаймыз

**Нұрбақыт:**

Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз

**Би:**
**«Жемістер»(**Б.Алинұр,Алмас,Бақкелді,Мансұр,Бақконды,Нұрасыл,Асылжан)

**Жаттаулар:**

**Зейін:**

Күз дым бүркіп ,тұман басталып

Қарғалар шулап топтанса

**Айсара:**

Жатпайды күзде көл тұнып

Шаң баспайды ауаны

**Бақконды:**

Жапырақтар ұшты

Суыққа түсті

Сонда да бізге

Қызық көп бізде

**Дамир:**

Қарашы күз келді

Жапырақтар жауып іздерді

**Нұрай :**

Көрініп еліме

Күндері мереке

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке

**Жүргізуші :**

Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер

Күздің тойын тойлайық

Би билейік ойнайық-деп  қыздарымыздың «Себет» биін қарсы алыныздар.(Еркем,Көркем,Айзере,Ақнұр,М.Айсара.Ұлдана,Камила)

**Нұртөре:**

Күзде дала жаурайды

Көкте бұлттар аунайды

Бұтағынан үзіліп

Жапырақтар саулайды

**Асылжан:**

Алақай,алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті дән пісті

Айтамыз алғысты

**Ару:**

Жайдары күз ,жомарт күз

Аяулы күз,алтын күз

**Еркем:**

Жемісі мол теретін

Күз дос екен бізбенен

**Көркем:**

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген

**Жүргізуші**: Қызыға біз қараймыз

Бүлдіршіндерге бүгінгі

Көрейікші көрермендер

«Алма» биін тамашалап-деп « Алма» биіне кезек береміз(О.Алинур,Әділхан,Дамир,Бекасыл,Арсен,Билял,Рамазан,Р.Рамазан)

**Жүргізуші:** Құрметті ата-аналар ,ұстаздар. Берекелі мерекелі жомарт күздің сыйлаған сыйы,әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын еліміз аман заманымыз тыныш болсын. Бүгінгі « Алтын күз» ертеңгілігімізді көңіл қойып тыңдағандарыңызға, алтын уақыттарынызды бөліп келгендеріңізге көп –көп рахмет. Қош сау болыңыздар.

Балабақшамыздың меңгерушісі Сыдыкова Дильбар ханымға сөз кезегін береміз.



